

**"Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 794 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 269 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.05.2018 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы 2014 жылғы 2 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1643 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 4 тамыздағы  
№ 794 қаулысымен  
бекітілді

"Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

## **1. Қолданылу саласы**

1. Осы "Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) Техникалық регламентке қосымшада келтірілген Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасында (КО СЭҚ БТН) тауарлар кодтарына сәйкес жіктелетін темір жол көлігіне және

оған байланысты инфрақұрылымға сондай-ақ жобалау, әкелу-әкету, дайындау, пайдалану сатыларында олардың тіршілік тізбегі процестеріне қойылатын, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды белгілейді.

2. Осы Техникалық регламенттің қолданылуы қауіпсіздік талаптары халықаралық қатынастарда белгіленетін қауіпті жүктерді халықаралық қатынас жолдарында тасымалдауға арналған темір жол жылжымалы құрамына, техникалық құралдар мен құрылыстарға, байланыс желілеріне, сигнал беру, орталықтандыру және блоктау жүйелеріне, ақпараттық кешендерге, сондай-ақ талаптары басқа Техникалық регламенттерде белгіленген темір жол станциялары мен вокзалдарға қолданылмайды.

3. Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпті факторлары (тәуекелдері), сондай-ақ олардан аулақ болатын факторлар мыналар болып табылады:

1) адам жүретін жолдардағы конструкциялардың, құрылғылардың, құрылыстардың қауіпті механикалық әсерлері;

2) темір жол көлігінің қорғалмаған электр өткізгіш элементтерінің болуынан электр тоғының соғу, электрмен жабдықтау жүйелерінде қысқа түйісу токтарының, жүктеменің асып кетуінен және атмосфералық кернеулердің туындау қаупі;

3) темір жол көлігіне байланысты инфрақұрылымның шегінде белгіленген нормативтік мәндерден жоғары болатын темір жол қозғалысынан пайда болатын шу мен діріл;

4) радиобайланыспен, қозғалыс жылдамдығын бақылау аспаптарымен, қозғалыс параметрлері тіркегіштерімен, автоматты локомотивтік сигнал берумен сенімсіз және жеткіліксіз жарақтану;

5) Техникалық регламент объектілері мен олардың құрамдас бөліктерін олардың қызметінің нормативтік мерзімі өткеннен кейін пайдалану.

4. Тәуекелдерді төмендету жобалау, дайындау немесе салу, пайдалану сатыларында жүзеге асырылуы тиіс.

Тәуекелді рұқсат етілетін деңгейге дейін төмендету мүмкіндігі болмаған жағдайда жобалау құжаттамасында адамның өмірі мен денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар жүйесі көзделуі тиіс.

5. Темір жол көлігін сәйкестендіру таңбалау және ілеспе құжаттар бойынша (ішіне нормативтік және техникалық құжаттамалар кіретін) қосымшада келтірілген КО СЭҚ БТН кодтарын пайдалану жолымен жүргізіледі.

Темір жол көлігін сәйкестендіру үшін жиынтығында мынадай белгілері мен параметрлерін тану жеткілікті:

1) объектіні таңбалаудың бір немесе бірнеше атрибуттары бойынша тану (өндірушінің пайдалану құжаттамасында көрсетілген қауіптілік және қауіпсіз

пайдалану талаптары, ақпарат туралы ескертетін қажетті жазулар немесе белгілер, инфрақұрылымның арнайы таңбалауы);

2) нақты темір жол өнімінің оның техникалық сипатталуына, негізгі сипаттамаларына (параметрлері мен көрсеткіштеріне) және темір жол көлігінің бір текті өнімі тобының сыныптаушылық топтауына жатқызылуына (КО СЭҚ БТН) сәйкестігі;

3) темір жол көлігінің нақты өнімінің және темір жол көлігінің құрамдас бөлігі болып табылатын жабдықтардың арналуы.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

6. Осы Техникалық регламентте Қазақстан Республикасының "Техникалық реттеу туралы", "Темір жол көлігі туралы" заңдарында көзделген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ мыналар пайдаланылады:

1) автоматты локомотивтік сигнал беру - машинистің кабинасында орналасқан сигнал беру аспаптары және жылжымалы темір жол құрамы жақындап келе жатқан жол бағдаршамдарының сигналдарын автоматты түрде беретін жол жабдығы;

2) арнайы жылжымалы темір жол құрамы - инфрақұрылымды салу мен жұмысын қамтамасыз етуге арналған темір жолда жүру кезіндегі алынбайтын жылжымалы бірліктер:

көлік режимінде тарту жетегімен автономды қозғалтқышы бар арнайы өздігінен жүретін темір жол жылжымалы құрамы;

арнайы өздігінен жүрмейтін жылжымалы темір жол құрамы - көлік режимінде тарту жетегінсіз;

3) аялдау тежегіші - жылжымалы құрамның бірлігінде орналасқан және аялдамада өз еркімен жүріп кетуден бекітуге, сондай-ақ мәжбүрлі (авариялық) аялдауға (жылжымалы құрам бірлігінің ішінде кол жетегі болғанда) арналған қолмен басқарылатын немесе автоматты жетегі бар құрылғы;

4) валидация - нақты пайдалану мен қолдануға арналған талаптардың орындалғанына объективті куәландыруларды ұсынудың негізінде растау;

5) верифицирленген әдістеме - соның көмегімен алынатын эксперименттердің іс жүзіндегі нәтижелері бар деректері растауға арналған тексеруден өткен әдістеме;

6) гидродинамикалық тежегіш - тежеу күші поездың кинетикалық энергиясының сұйықтық ағынының энергиясына айналуы арқылы пайда болатын тежегіш;

7) динамикалық тежегіш - механикалық үйкеліс қолданылмайтын, ал тежеу күші поездың кинетикалық энергиясын электрлік (электрлік тежеу) немесе

гидродинамикалық (гидродинамикалық тежеу) немесе энергияның басқа түрлеріне өзгерту арқылы жасалатын тежегіш;

8) маневрлік құрам - өзара және маневр жүргізетін локомотивпен тіркелген вагондар тобы;

9) магнит-рельсті тежегіш - шұғыл тежеу кезінде құдықты немесе дискілік тежегіштермен бірлесіп әрекет ететін құрылғы. Магнит-рельсті тежегіштің тежеу күшінің шамасы доңғалақтардың рельспен ілінісуіне байланысты емес және рельске табандықты электр-магниттік басу күшімен, оның материалымен және қозғалыс жылдамдығымен анықталады;

10) мотор-вагонды жылжымалы құрам - жолаушыларды және/немесе жүкті (поштаны) тасымалдауға арналған мотор вагонды поездардан (электр поездары, дизель-поездар, автомотористер (рельстік автобустар), дизель-электр поездары) құралған моторлы және моторлы емес вагондар;

11) пневматикалық және электропневматикалық тежегіштер - пневматикалық немесе электрлік басқару тежегіштері;

12) тежеу жолы - машинистің тежеу жүйесінің басқару органына әсер еткен сәтінен бастап толық тоқтағанға дейінгі уақыт ішінде поездың жүріп өткен қашықтығы;

13) темір жол жылжымалы құрамының габариті - сыртқа шықпай-ақ, жолтабанда неғұрлым қолайсыз және қырынан жатқан енісі жоқ жағдайдағы динамикалық ауытқулар кезінде жүксіз және жүк тиеген жаңа және жоғарғы нормаланатын тозуы бар вагондардың тік көлденең жолда темір жол жылжымалы құрамы сыюы тиіс көлденең шекті кескіні (жолдың перпендикуляр осі);

14) темір жол жылжымалы құрамының конструкциялық жылдамдығы - жобалауға арналған техникалық құжаттамада мәлімделген қозғалыстың төменгі жылдамдығы;

15) темір жол жылжымалы құрамының паспорты - дайындаушының кепілдігін куәландыратын мәліметтер, темір жол жылжымалы құрамының оның құрамдас бөліктерінің негізгі параметрлерінің мәні мен сипаттамалары (қасиеттері) бар, сондай-ақ сәйкестікті міндетті растау және темір жол жылжымалы құрамының, оның құрамдас бөліктерін кәдеге жарату туралы мәліметтер бар құжат;

16) үйкелісті тежегіш - тежеу күші арнайы үйкегіш элементтердің (тежегіш қалыптардың немесе дискілі тежегіштер жапсырмаларының) айналмалы беттерге (доңғалақтарға немесе арнайы тежеу дискілеріне) жанасуы арқылы пайда болатын тежегіш, тежеу күші юзды болдырмау үшін доңғалақтардың рельстермен ілінісу күшінен аз болуы тиіс;

17) формуляр - әрбір локомотивке, вагонға, мотор-вагонды және арнайы темір жол жылжымалы құрамының бірлігіне арналған, дайындаушының кепілдігін куәландыратын мәліметтерді, негізгі параметрлер мен сипаттамалардың (қасиеттер) мәндерін, техникалық жай-күйді көрсететін мәліметтерді, сертификаттау мен кәдеге жарату туралы мәліметтерді, сондай-ақ оны пайдалану кезеңінде (жұмыстың ұзақтығы мен шарттары, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және басқа да деректер) енгізілетін мәліметтерді қамтитын құжат;

18) функционалдық-техникалық кіші жүйе (темір жол көлігінің кіші жүйесі) - жұмыс істеу мақсаты бойынша көлік құралдарының және олардың жұмыс істеуіне байланысты технологиялық процестердің салыстырмалы түрде біртектес жиынтығын қамтитын темір жол көлігінің техника-технологиялық бөлігі, олардың қатарына:

темір жол жылжымалы құрамының (бұдан әрі - жылжымалы құрамның кіші жүйесі),

жол шаруашылығы құрылысы мен құрылғысының (бұдан әрі - жолдың кіші жүйесі),

станция шаруашылығы құрылысы мен құрылғысының (бұдан әрі - станциялық кіші жүйе),

темір жол электрмен жабдықтау кіші жүйелері,

басқару, бақылау және сигнал беру кіші жүйесі жатады;

19) шұғыл тежеу краны (соның ішінде стоп-кран) - тежегіш пневматикалық магистралдан ауаны тікелей шығару және шұғыл тоқтау қажет болған жағдайда автотежегіштерді іс-әрекетке келтіру үшін қызмет ететін тежеу жүйесінің арнайы органының сабы немесе бастырмасы;

20) электрлік (рекуперативті, реостаттық) тежегіш - тежеу күші тартымдық электр қозғалтқыштарын генераторлық режимге ауыстыру кезінде электромагниттік өріспен пайда болатын тежегіш, ал электр энергиясы не тартым желісіне (рекуперативті тежегіш) беріледі, не резисторларда (реостатты тежегіш) таралады.

### **3. Қазақстан Республикасының нарығында темір жол көлігін айналысқа шығару шарттары**

7. Егер темір жол көлігі осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмесе және адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін болса, ол нарықта сатуға жатпайды.

8. Дайындаушы жеткізетін темір жол көлігі мен темір жолдың әрбір бірлігінде таңбалама және пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу

бойынша талаптарды қамтитын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ілеспе және пайдалану құжаттамасы болуы тиіс, бұл ретте:

- 1) өнімнің жобалық құжаттары мен паспортын;
- 2) формулярды, құрамдас бөліктердің каталогын;
- 3) монтаж, іске қосу, баптау, сыннан өткізу жөніндегі нұсқаулықты;
- 4) темір жол көлігінің, оның бөліктерінің және құрамдас бөліктерді жинақтау бірліктерінің жинау чертеждерін;
- 5) жинақтау бірліктерінің (локомотивтер, вагондар мен моторвагонды жылжымалы құрам, мотовоздар, дрезиналар, арнайы автотрисалар) паспорттарын;
- 6) пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі нұсқаулықты қамтуы тиіс.

9. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық мыналарды қамтуы тиіс:

1) темір жол көлігін штаттық пайдалану, пайдалану кезінде сақталуы қажет қауіпсіздікті қамтамасыз бойынша шаралар (пайдалануға беруді, мақсаты бойынша пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеудің барлық түрлерін және техникалық куәліктерді, қорғаныш құралдарын, тасымалдау мен сақтауды қоса алғанда) жөніндегі нұсқаулар;

2) қызмет ету мерзімінің белгіленген көрсеткіштері немесе белгіленген ресурс;

3) сыни істен шығулардың, персоналдың аварияға әкеп соғуы мүмкін қателіктерінің және көрсетілген қателіктерді болдырмайтын іс-әрекеттердің тізбесі;

4) шекті жай-күйлердің өлшемдері.

## **4. Темір жол көлігінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

### **4.1. Темір жол көлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар**

10. Жалпы пайдаланымдағы темір жолдар бойынша жолаушыларды, багажды, жүк-багажды тасымалдауға арналған темір жол жылжымалы құрамы және контейнерлер олардың тиістілігіне қарамастан осы Техникалық регламенттің талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

11. Темір жол жылжымалы құрамының конструкциясы, орналасуы және оның жабдығының монтажи тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

12. Темір жол жылжымалы құрамын (және оның құрамдас бөліктерін) басқару және бақылау жүйелері барлық көзделген жұмыс режимдерінде және

пайдалану шарттарында көзделген барлық сыртқы әсерлер кезінде оны (оларды) пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқару және бақылау жүйелері мүмкін болатын қисынды қателіктер кезінде және қызмет көрсетуші персоналдың басқарушы іс-әрекеттердің дәйектілігін бұзу салдарынан қауіпті жағдайлар туындауын болдырмауы тиіс.

13. Басқару және бақылау жүйелері ескерту сигнализациясы құралдарын және темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерінің қалыпты жұмыс істеуін қауіпті жағдайлардың туындауына әкелетін бұзушылықтар туралы басқа да ақпарат құралдарын қамтуы тиіс.

Қауіпті жағдайлардың туындауы туралы ескертетін құралдар қызмет көрсетуші персоналдың ақпаратты қатесіз, шынайы және тез қабылдауын қамтамасыз етеді.

Темір жол жылжымалы құрамы мен оның құрамдас бөліктерінің бағдарламаланатын құрылғылары мен автоматты жүйелері үшін тіршілік циклінің барлық сатыларында ақпараттық және функционалдық қауіпсіздікті талдау жүргізіледі. Темір жол жылжымалы құрамының борттық жүйелерінде пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету валидация мен тестілеуден өтуге тексеріледі. Темір жол жылжымалы құрамының әрбір бірлігінде оған орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етудің валидациядан өткен сол нұсқа екенін тексереді.

14. Тартымдық жылжымалы құрамды, локомотивтің тартымдық жетегінің, басқа да жабдығының жұмысын басқару және бақылау жүйесі аппараттық бөліктің кез келген ақаулықтары, бағдарламалық қамтамасыз етудің қателіктері мен бұзылулары кезінде поездың қауіпсіз жай-күйінің бұзылуына әкелетін тартымдық және тежегіштік сипаттамалардың, сондай-ақ жұмыс режимдерінің өзгеруіне (өздігінен жүру, тартым және тежеу күшінің рұқсат етілмеген алға жылжытуы).

Қауіпсіздіктің борттық жүйелерінің жарамсыз жұмысы кезінде басқару жүйесінің бұзылуы локомотивті тоқтатуды қажет етпеуі және поездың жобалық тартымдық немесе тежегіштік сипаттамаларын іске асыруды бұзуға әкелмеуі тиіс.

15. Басқару құралдары:

1) жеңіл қолжетімді және еркін ажыратылатын, ал қажет жағдайларда жазулармен, белгілермен немесе басқа тәсілдермен белгіленген болуы тиіс;

2) олардың өзінен-өзі жылжып кетуі болмайтындай және оларға сенімді, батыл және бір мағыналы манипуляция жасау қамтамасыз етілетіндей құрастырылуы және орналастырылуы тиіс;

3) функциялардың маңыздылығын, пайдалану дәйектілігін және жиілігін ескере отырып орналастырылуы тиіс;

4) олардың түрі, өлшемдері және қызмет көрсетуші персоналмен байланыс беті қармау (саусақтармен, білекпен) немесе басу (саусақпен, алақанмен, табанмен) тәсіліне сәйкес келетіндей орындалуы тиіс.

16. Локомотивтер мен мотор-вагонды жылжымалы құрам, сондай-ақ арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам радио байланысымен, қозғалыс жылдамдығын бақылау аспаптарымен, қозғалыс параметрлерін реттегіштермен, автоматты локомотивтік сигнализациямен жабдықталуы, сондай-ақ басқа да қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

Жолаушылар локомотивтері электр пневматикалық тежегішті басқару құрылғыларымен жабдықталуы тиіс, ал жүк поездарына арналған локомотивтер тежеу магистралі тығыздығын бақылау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Локомотивтер бір машинист қызмет көрсеткен кезде мынадай қауіпсіздік құралдарымен және құрылғыларымен қосымша жабдықталуы тиіс:

поезды тежеуді автоматты басқару жүйесі немесе кешенді локомотивтік қауіпсіздік құрылғысы, сондай-ақ машинистің сергек болуын бақылау жүйесі; артқы көрініс айналары немесе басқа да ұқсас құрылғылар; тежегіш блокировкасы; өрт сөндіру жүйесі.

Мотор-вагонды поездар қозғалыс жылдамдығын бақылауды және өтпелік бағдаршамдарға, өтпелерге және станцияларға жақындаған кезде сөйлеу ақпаратымен қамтамасыз ететін автожүргізу жүйесімен, "жолаушы-машинист" байланысымен, есіктердің жабылуын бақылау сигнализациясымен, автоматты өрт сигнализациясымен жабдыкталады.

Жолаушылар локомотивтері қозғалыс жылдамдығын бақылауды және өтпелік бағдаршамдарға, өтпелерге және станцияларға жақындаған кезде сөйлеу ақпаратымен қамтамасыз ететін автожүргізу жүйесімен, автоматты өрт сигнализациясымен жабдыкталады.

Маневрлік локомотивтер оларды вагондардан дистанциялық ажырату құрылғыларымен, ал бір машинист қызмет көрсететіндер олардан басқа, екінші басқару пультімен, артқы көрініс айналарымен және машинистің локомотив жүргізу қабілетін кенеттен жоғалтқан жағдайында автоматты тоқтатуды қамтамасыз ететін құрылғылармен қамтамасыз етілуі тиіс.

17. Локомотивтердегі, мотор-вагонды поездардағы және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамдағы автоматты локомотивтік сигнализация белгіленген қозғалыс жылдамдықтарын, поездың өзінен-өзі жүріп кетуін және машинистің сақ болуын кезеңдік тексеруді бақылауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік құрылғыларымен толықтырылуы тиіс.

Машинист локомотивті, мотор-вагонды поезды, арнайы өздігінен жүретін темір жол жылжымалы құрамын, ал дрезиналарда - дрезина жүргізуші басқару

кабілетін жоғалтқан жағдайларда көрсетілген құрылғылар тыйым салатын көрсеткіші бар жол бағдаршамының алдында поездың автоматты тоқтауын қамтамасыз етуі тиіс.

18. Локомотивтің, мотор-вагонды поездың және арнайы жылжымалы құрамның машинисі кабинасының конструкциясы локомотив бригадасына отырған және тұрған қалпында жүру жолын, едендегі сигналдарды, көршілес жолдарды, құрамдарды, байланыс желісін кедергісіз шолуды, сондай-ақ құрамға жақындаған кезде локомотив бригадасының бір қызметкерінің тұрған қалпында вагондардың және маневріне қатысатын персоналдың жұмыс аймағының көрінуін қамтамасыз етуі тиіс. Жобалау кезінде сенімді шыны тазартқыштарды, шыны шайғыштарды, булануға қарсы құралдарды, шыны жылтқыштарды қолдана отырып, жыл мен тәуліктің кез келген уақытында кез келген ауа-райы жағдайларында қозғалыстың барлық жылдамдықтарында машинист кабинасынан шолу қамтамасыз етілуі тиіс.

Локомотив бригадасының басқару пульті мен жұмыс орындарының өзара орналасуы жұмыстағы дәлсіздіктерді немесе артық шаршауды, сондай-ақ дұрыс емес операцияны кездейсоқ орындау мүмкіндігін төмендету үшін эргономиканы ескере отырып конструкциялануы және отырған және тұрған қалыпта басқару ыңғайлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Тура немесе шағылысқан жарықтан түсетін сәулелер болмаған жағдайда күндізгі және түнгі уақытта басқару пультында басқару органдарының, өлшеу құралдарының, жарық индикаторларының көрінуі қамтамасыз етілуі тиіс.

Машинистің кабинасы жалпы, жергілікті және авариялық жарықтандыру жүйелерімен жабдықталуы тиіс. Машинист кабинасындағы жарық параметрлері, өлшеу құралдары межеліктерінің жарықтығы техникалық құжат талаптарына сәйкес келуі тиіс. Авариялық жарықтандыру жүйесі негізгі желіде кернеу болмаған уақытта тәуелсіз ток көзіне (аккумуляторлық батареяға) автоматты түрде ауысуы тиіс, бұл ретте, авариялық жарықтандыруды қолмен қосу мүмкіндігі де қарастырылуы тиіс.

Басты ауа резервуарлары және аккумуляторлық батареялар машинистің кабинасынан тыс орнатылуы тиіс. Көрсетілген агрегаттар локомотивтер мен мотор-вагонды жылжымалы құрамда оның еденінің астында және төбесінің үстінде орналаспауы тиіс.

Тартымдық жылжымалы құрам машинисінің кабиналары желдеткіш, жылу және ауа баптағыш құралдармен жабдықталуы тиіс.

Авария жағдайында машинист кабинасынан шығу көмекші құралдарды пайдалана отырып, бүйір терезелер арқылы көзделуі тиіс.

19. Жолаушылар вагондарында, мотор-вагонды жылжымалы құрамда және локомотивтерде жарықтандырудың жеткілікті қарқындылығын және оның

ұзақтығын техникалық құжаттамаға сәйкес қамтамасыз ететін авариялық жарықтандыру жүйесі көзделуі тиіс. Жолаушылар мен қызмет көрсететін персоналды вагондардан авариялық эвакуациялау жолдары мен құралдары көзделуі тиіс.

20. Темір жол жылжымалы құрамын қауіпсіз пайдалану үшін қосымша жарықтандыру көзделуі тиіс.

Қосымша жарықтандыруда жиі қарауды, баптауды және техникалық қызмет көрсетуді талап ететін темір жол жылжымалы құрамының ішкі бөліктері мен қуыстары және қажет болған кезде сыртқы жұмыс жабдығы болуы тиіс.

Темір жол жылжымалы құрамын пайдаланған кезде қараңғы жерлер; кедергі, соқырлану және стробоскопиялық эффект тудыратын облыстар туындамауы тиіс.

21. Темір жол жылжымалы құрамы тежеу кезінде оның баяулауын немесе тежеу жолының шегінде тоқтауын қамтамасыз ететін автоматты тежегіштермен жабдықталуы тиіс.

Темір жол жылжымалы құрамының автоматты тежегіштері Қазақстан Республикасында темір жол саласында белгіленген нормалар бойынша ұсталуын, әртүрлі пайдалану шарттарында оңай басқарылатын және іс-әрекет сенімділігі болуы, тежеу бір қалыптылығын, сондай-ақ жылжымалы құрам бірліктерін заңсыз ағыту кезінде поездың тоқтауын қамтамасыз етуі тиіс.

22. Автоматтық тежегіштер вагонның жүктелуіне, құрамның ұзындығына және жол кескініне тәуелді тежеудің әртүрлі режимдерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етулері тиіс.

Жолаушылар вагондары мен мотор-вагонды жылжымалы құрамда тоқтатқыш крандар тамбурларда, вагондардың ішінде орнатылады және пломбланады.

Арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда қажет болған кезде шұғыл тежеу үшін тоқтатқыш крандар немесе басқа да құрылғылар орнатылады.

23. Темір жол жылжымалы құрамы тұрақ тежегіштерімен жабдықталады. Жүк вагондарының бөлігінде тоқтатқыш крандар мен тұрақ тежегіштері бар өту алаңшалары болуы тиіс.

Темір жол жылжымалы құрамының тұрақ тежегіштері белгіленген есептілік тежеуіштік басуды және темір жол жылжымалы құрамын белгіленген мөлшер енесінде ұстап тұруды қамтамасыз етулері тиіс. Қол тұрақ тежегішінің штурвалы штурвалдың өздігінен айналуын болдырмайтын құрылғымен жабдықталуы тиіс.

Автоматты тұрақ тежегіштерін қолдануға рұқсат етіледі.

24. Бөлінуі немесе сынуы темір жол жылжымалы құрамының габариттен шығуына немесе жолға құлауына әкеліп соқтыратын темір жол жылжымалы құрамының барлық бөліктерінде, иінтіректі тежеуіш берілісінің барлық бөліктерінде сақтайтын құралдың екі есе салмағына арналып есептелген сақтандыру құрылғылары болуы тиіс.

25. Локомотивтерде және мотор-вагонды жылжымалы құрамда динамикалық (электр және гидродинамикалық) тежегіш орнатқан кезде оның әрекеті барлық жағдайларда қызметтік және шұғыл тежеу кезінде пневматикалық және электр-пневматикалық тежегіштердің жұмысымен келісілуі тиіс. Динамикалық (электр және гидродинамикалық) тежегіш істен шыққан кезде оны пневматикалық тежегішпен ауыстыру қамтамасыз етіледі.

26. Жылдамдықты жолаушылар жылжымалы құрамында тежеу тиімділігін және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру жөніндегі қосымша шаралар (мысалы дискілі, магнит-рельс тежегіштерін қолдану) көзделулері тиіс.

27. Жүк вагондарының автотола жабдығы қоршаған ортаның плюс 55<sup>0</sup>С температурасы кезінде тұрақты жұмыс істеуі және температураның плюс 80<sup>0</sup>С қысқа мерзімді көтерілуі және минус 60<sup>0</sup>С дейін төмендеуі кезінде жұмысқа қабілеттігін сақтауы тиіс.

28. Темір жол жылжымалы құрамы автотіркеу құрылғысымен (тіркеу) жабдықталуы тиіс.

Автотіркеу құрылғысы вагондардың өздігінен ағытылуын болдырмауы тиіс. Автотіркеу құрылғысының құрамына жеткілікті энергия сыйымдылығы бар жұту аппараты кіруі тиіс.

Жолаушылар поезының авариялық соқтығысуы жағдайы үшін жеткіліксіз энергия сыйымдылығы кезінде локомотивтерде және мотор-вагонды жылжымалы құрамның бас вагонында орнатылған жұту аппараттарынан басқа авариялық амортизаторлар қосымша орнатылулары тиіс. Жолаушылар вагондары мен мотор-вагонды жылжымалы құрам буферлермен жабдықталулары тиіс.

29. Доңғалақ жұптарының доңғалақтарында, өстері мен бандаждарында техникалық құжаттамада көрсетілген қызмет мерзімі ішінде ақаулардың (жарықтардың) пайда болуы мен дамуына беріктікті қамтамасыз ететін төзімділік қоры болуы тиіс.

Доңғалақтардың, өстер мен бандаждардың металлургиялық сапасы, механикалық қасиеттері, соққы созымдылығы және қалдық кернеулі жай-күйі морт және басқа да бұзылуларға техникалық құжаттамада көрсетілген қызмет мерзімі ішінде кедергіні қамтамасыз етулері тиіс.

30. Барлық мақсаттардағы басқыштар мен тұтқалар темір жол жылжымалы құрамы габариттерінің шегінде орналасулары тиіс. Жүк вагондарының төбелеріне апаратын сатыларда ескертетін қауіпсіздік белгілері жазылулары тиіс.

Электр поезддарының мотор-вагондарының төбелеріне көтерілуге арналған сатылар жабық жағдайда жабық болулары және машинист бақылаушысының резерв тұтқасының көмегімен ашылулары тиіс.

31. Темір жол жылжымалы құрамының конструкциясында оны домкратпен көтеруге арналған, домкрат бастиегінің тайғанауына кедергі болатын беті бар орындар көзделулері тиіс.

Темір жол жылжымалы құрамының бірлігін доңғалақ жұптары рельстен шыққан кезде крандар мен домкраттардың көмегімен арнайы орындарға көтеру мүмкіндігі көзделуі тиіс.

32. Темір жол жылжымалы құрамында жолаушылар мен қызмет көрсету персоналының мүмкін болатын қозғалуы аймағында (бас, аяқ, дене деңгейінде) оларды жарақаттауы мүмкін конструкция мен жабдық элементтері болмауы тиіс.

33. Жолаушылар вагондары мен мотор-вагонды жылжымалы құрамның жабық өту алаңшаларының конструкциялары жолаушылардың вагоннан вагонға қауіпсіз өтулерін қамтамасыз етуі және жарақаттарға әкелуі мүмкін шығып тұрған бөліктері болмауы тиіс.

Жолаушылардың жеке багажын орналастыру және бекіту орындары шұғыл тежелу мен авариялық эвакуациялау кезінде жолаушыларды жарақаттамайтын есеппен орындалуы тиіс.

34. Көп секциялы локомотивтер локомотив бригадасының бір секциядан екіншісіне қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету үшін жабық өту алаңшаларымен жабдықталуы тиіс.

35. Темір жол жылжымалы құрамы дизельінің, электр машиналарының, желдеткіштерінің, сығымдағыштарының және басқа да жабдығының айналатын бөліктері сенімді түрде қоршалуы тиіс.

36. Капот типтес шанақты локомотивтерде қаптал және бүйір алаңшалары болуы тиіс. Қаптал және бүйір алаңшаларының сыртқы жағында аралық қоршауы бар тосқауыл тұтқалары орнатылулары тиіс. Алаңшалар бойының сыртқы периметрі бойынша шектеу тақтайшалары орнатылулары тиіс.

37. Локомотивтердің, мотор-вагонды жылжымалы құрамның, жолаушылар және изотермиялық вагондардың электр жабдығы пайдалану шарттарында мүмкін болатын электр, термиялық және механикалық жүктемелерге есептелуі тиіс.

Локомотивтердің, мотор-вагонды жылжымалы құрамның, жолаушылар және изотермиялық вагондардың электр жабдығында қорғанышы және жүктемелер, қысқаша тұйықталулар, жерге тұйықталған кезде, жоғары артық кернеу туындаған кезде, сондай-ақ рекуперативтік тежеу, доңғалақ жұптарының боксы және юзы кезінде байланыс желісінде кернеулікті алған кезде оның іске қосылуының сигнализациясы болуы тиіс.

Қорғаныштың іске қосылу параметрлері электр жабдығының зақымдалуын болдырмауы тиіс. Қорғаныштың іске қосылуы қауіпті салдарларға: түтіндеуге

немесе жануға әкелетін рұқсат етілмейтін қызуға, электр жабдығы окшаулануының бұзылуына әкелетін артық кернеуліктерге әкелмеуі тиіс.

38. Темір жол жылжымалы құрамының кернеулі және электр тогымен зақымдалу көзі болуы мүмкін электр жабдығының қорғалмаған (окшауланбаған) бөліктеріне қызмет көрсету персоналы мен жолаушылардың кол жеткізуінің алдын алынуы тиіс

Электр жабдығының метал қабығы, сондай-ақ ақаулы болған жағдайда айнымалы токтың 42 В-тан жоғары және тұрақты токтың 110 В-тан жоғары кернеулігінде болуы мүмкін барлық қоршаулар (құбырларды қоса алғанда), ток өткізетін бөліктерді бекітуге арналған конструкциялар темір жол жылжымалы құрамының корпусына жерлендірілген болуы тиіс,

Локомотивтер мен мотор-вагонды жылжымалы құрамының конструкцияларында электр қорғау құралдарының жинағын, сондай-ақ техникалық жабдықтау және қауіпсіз пайдалану үшін қажетті басқа да арнайы жабдықты сақтауға арналған арнайы орындар көзделулері тиіс.

39. Жылжымалы темір жол құрамының электр жабдығы рельстік шынжырлармен, сигнал беру, орталықтандыру және блоктау жол құрылғыларымен электр магниттік сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс.

40. Локомотивтердің, мотор вагонды жылжымалы құрамның электр жабдығы байланыстың сымдық желілерімен электр магниттік сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс.

41. Жылжымалы темір жол құрамының электр жабдығы радио кедергілері алаңдарында кернеу деңгейі радио байланыс жұмысында бұзушылықтар тудырмауы тиіс.

42. Аккумуляторлық бокс жарылысқа қауіпсіз орындалуы керек.

43. Локомотивтер, мотор вагонды жылжымалы құрам, жолаушылар және изотермиялық вагондар өрт сөндіру сигнал беру қондырғыларымен, өрт сөндіру қондырғыларымен, өрт сөндіргіштерді қоюға арналған арнайы орындармен, өрт сөндіру мүккәмалымен жабдықталуы тиіс.

барлық үлгідегі дербес тартқыш жылжымалы құрамда ұшқын өшіргіштер орнатылуы тиіс.

Жылжымалы темір жол құрамда пайдалану кезінде қажетті арнайы өрт сөндіру жабдығын, құрал-саймандарды орналастыру үшін арнайы орындар көзделуі тиіс.

44. Вагон үлгісіндегі шанағы бар тепловоздарда машинист кабинасына машиналық (дизельдік) үй-жайдан машинистің көмекшісін шақыру үшін жарық және дыбыс сигнал беру болуы тиіс.

45. Автономды тартқыш жылжымалы құрамда желдеткіш жүйесі машинист кабинасына және жолаушылар салонына шығарылатын газдың өту мүмкіндігін

болдырмауы тиіс. Машиналық үй-жайда әуе ортасының жағдайын пайдалану кезінде рұқсат етілген концентрация шегінде қамтамасыз ететін желдеткіш құрылғылары көзделуі тиіс.

46. Вагон үлгісіндегі шанағы бар тепловоздардың дезилін салқындату жүйесі тепловоздың төбесіне қызмет көрсетуші персоналдың шығуынсыз-ақ жүйені сумен толтыру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

47. Жолаушылар вагондары: ауа желдету жүйесімен, поездішілік телефон байланысымен, букстық қызу бақылау жүйесімен, поезддық радио байланыс қондырғысымен жабдықталуы тиіс. Жүрдек жолаушылар вагондары қосымша орталықтандыру электр жабдықтаумен жабдықталуы тиіс.

Жүрдек мотор вагонды жылжымалы құрам ауа желдету жүйесімен, поездішілік телефон байланысымен, букстық қызу бақылау жүйесімен жабдықталуы тиіс.

48. Жолаушылар үшін құрылғылар көзделуі тиіс, олардың көмегімен олар туындаған қауіптілік туралы машинистке немесе поезд бригадасының басқа мүшелерін хабарландыруға және көмек сұрай алады.

49. Кірме есіктер жолаушылар мен қызмет көрсетуші персонал қауіпсіздігіне кепіл беретін ашу/жабу жүйесімен (құрылғыларымен) және бақылау жүйесімен жабдықталуы тиіс.

50. Әрбір жолаушылар вагонында және мотор вагон жылжымалы құрам вагонында терезе қуыстарын пайдалана отырып вагонның әрбір жағынан авариялық шығулар көзделуі тиіс.

Кіру есіктерінің авариялық шығуы ашық жағдайда есіктердің фиксациясымен штаттық сызба бойынша жүзеге асуы тиіс. Поездің қозғалысы сағатына 5 км аспайтын жылдамдық кезінде вагон тамбурынан есіктерді қолмен авариялық ашу көзделуі тиіс.

51. Мотор вагонды жылжымалы құрамның вагондарында мүгедектерге және балалары бар жолаушыларға орындар көзделуі тиіс.

Жекелеген жолаушылар вагондары мен мотор вагонды жылжымалы құрамның вагондарының құрылымында: қозғалуы шектеулі мүгедектердің жүруі үшін орындар, мүгедектерге арналған арбаларды тез көтеру және сенімді бекіту үшін қондырғылар, үлкен алаңдағы арнайы санитарлық торап және өтудің ұлғайтылған өту ені көзделуі тиіс.

52. Вагон үлгідегі шанақпен, капот үлгідегі шанақпен локомотивтер, мотор вагонды жылжымалы құрамның және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамның бас вагоны, сондай-ақ дербес бірлік ретінде пайдалануы мүмкін локомотив секциясы олардың тұрған орнын білуге және қауіпсіздігін қаптамасыз етуге мүмкіндік беретін прожектормен және сигнал беру фонарымен жабдықталуы тиіс.

Жолаушылар вагоны сигнал беру фонарларымен жабдықталуы тиіс.

Вагон-ресторандарды сигнал беру фонарларымен жабдықтамауға жол беріледі.

Жүк вагондары қоршау белгілері үшін кронштейнмен жабдықталуы тиіс.

53. Локомотивтер, мотор вагонды жылжымалы құрам және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам дыбыстық сигнал беру жабдықтарымен дыбысы жоғары (тифондар) және дыбысы аз (ысқырлар) жабдықталуы тиіс.

54. Жүк вагондары және олардың құрамдас бөліктері плюс 55 °С-ден минус 60 °С-ге дейін қоршаған ауаның температурасы аралығында жұмыс қабілеттігін сақтауы тиіс.

55. Үймелі және құймалы жүктерді тиеу үшін төбеде люктері бар жылжымалы құрам вагон төбесінде тұғырмен және екі жағынан бұдырлы басқыштары бар сатылармен және осы тұғырға көтерілу үшін тұтқалармен жабдықталуы тиіс.

Цистерна қазаны құятын-ағызатын арматурамен, қорғауыш кіргізу-шығару клапандармен, ал сұйытылған газдар үшін қазандар - қорғау мембраналарымен жабдықталуы тиіс.

Вагондарда арнайы табандықтары мен тұтқалары болуы тиіс.

56. Пайдалану құжаттарына енетін жылжымалы темір жол құрамы мен оның құрамдас бөліктері туралы мәліметтер пайдаланудың белгіленген мерзімі ішінде жылжымалы темір жол құрамы мен оның құрамдас бөліктерін дұрыс және қауіпсіз пайдалану үшін жеткілікті болуы қажет. Қажеттілігіне қарай, пайдалану құжаттарында қызмет көрсету персоналының талап етілген деңгейі туралы мәліметтер келтіріледі.

57. Жылжымалы темір жол құрамы мен оның құрамдас бөліктері пайдаланудың барлық мерзімінде қажетті сәйкестендіру және ескерту жазбалары мен таңбаларын, ерекшеліктер туралы белгілерді және осы Техникалық регламентте көзделген қауіпсіз пайдалану жағдайлары болуы тиіс. Қажетті жағдайларда осы мәліметтер пайдалану бойынша нұсқаулықта түсіндірме жазбамен бірге көрсетілуі тиіс.

58. Жүктеме түсірілмеген доңғалақтардың арасындағы ішкі жақтауларынан қашықтығы 1440 мм болуы тиіс. Локомотивтер мен вагондарда, сондай-ақ арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда, айналмалы поездарда жылдамдығы 120 км/сағ - 140 км/сағ дейін асады, ауытқулар арту жағына 3 мм аспай және азайту жағына қарай 1 мм аспайтын шамада рұқсат етіледі, сағатына 120 км дейін жылдамдықтарда артуы мен азайту жағына қарай 3 мм аспайтын ауытқуларға рұқсат етіледі.

Сағатына 200 км асатын жылдамдықта арту мен азайту жағына 1 мм аспайтын пайдалану кезінде ауытқуларға рұқсат етіледі.

59. Жылжымалы темір жол құрамында және оның құрамдас бөліктерінде қауіпті әсерлердің қарқындылығын азайтуға және оқшаулатуға бағытталған құрылымдық шешімдер және қорғаныс құралдары көзделген.

Ол үшін мыналар қамтамасыз етіледі:

а) темір жол жылжымалы құрамының темір жол көлігі инфрақұрылымымен техникалық сыйысымдылығы;

б) қызмет көрсетуші персоналға және жолаушыларға арналған үй-жайлардағы, сондай-ақ қоршаған ортадағы зиянды әсерді азайту.

60. Жылжымалы құрам және арнайы жылжымалы құрам автотіркеумен немесе тіркеу құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Автотіркегіш осінің биіктігі рельстердің бастарының үстіңгі деңгейінен мынадай деңгейде болуы тиіс:

локомотивтер, жолаушылар және жүк тиелмеген вагондар 1080 мм артық емес;

локомотивтер және адамдары бар жолаушылар вагоны - 980 мм артық емес;

жүк вагондары (тиелген) - 950 мм кем емес;

арнайы жылжымалы құрамда:

жүксіз жағдайда 1080 мм артық емес;

жүк тиелген - 980 мм кем емес.

61. Автотіркегіштердің көлденең осьтері арасындағы биіктік бойынша айырмашылық төмендегіден артық емес мөлшерде рұқсат етіледі:

жүк поезында - 100 мм;

локомотив және жүк поезының бірінші жүк тиелген вагоны арасында - 110 мм;

жылдамдығы 120 км/сағ дейін жүретін жолаушылар поезында - 70 мм;

жылдамдығы сағатына 121 - 160 км жүретін жолаушылар поезында - 50 мм;

жылдамдығы сағатына 161 км және одан астам жылдамдықта жүретін жолаушылар поезында саңылаусыз автотіркегішпен жабдықталады;

локомотив және жолаушылар вагонының бірінші вагоны арасында - 100 мм;

локомотив және арнайы жылжымалы құрамның жылжымалы бірліктері арасында - 100 мм.

62. Жылжымалы жолаушылар құрамының әрбір бірлігі жеке тұлғалардың жолдың әрбір тарапынан қауіпсіз отыруын (түсуін) қамтамасыз ететін құрылымдық элементтерге ие болуы тиіс.

63. Темір жол көлігі мен оның қосалқы жүйелерін пайдалану процестерінде мынадай қауіптерді болдырмауы тиіс:

1) жылжымалы және стационарлы көздерден ластаушы шығарындыларды атмосфераға шығару;

2) қоршаған ортаға жұмыс сұйықтықтарын, майларын, тасымалдайтын улы жүктерді, жолаушылар вагондарынан, тасымалдайтын жануарлары бар вагондардан немесе олардың астынан алынған қалдықтарды шығару (топыраққа, жолдың үстіңгі құрылысына, су қоймаларына төгілу);

3) техникалық реттеу объектісінің жұмыс істеу жағдайларын бұзуды болдырмау мақсатында қауіпті заттарды қолданудан болған зиян (жолдың жер төсемінде өсімдіктер өсуінің алдын алу үшін пестицидтер, жолдың бойында орман қорғау жолақтарының өсуін қамтамасыз ету үшін гербицидтер);

4) ультрадыбыс, инфрадыбыс, вибрацияны қоса алғанда шуыл;

5) электромагнитті сәулелену;

6) тұтануды тудыруы мүмкін аспаптар мен жабдықтың техникалық ақаулары;

7) дәнекерлеу процесінде, тарту жылжымалы құрамның тоқты түсіру элементтерінің қатынас желісімен бұзылуы кезінде, үйкеліс процесінде тепловоздардың шығару газдарында байқалатын ұшқындардың әсері;

8) қауіпті материалдардың өз бетімен жануы;

9) жану көздері болғанда жанатын қауіпті жүктерді босату.

#### **4.2. Жобалау кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар**

64. Жылжымалы темір жол құрамы және/немесе оның құрамдас бөліктерін жобалау кезінде пайдалану құжаттары әзірленеді: төлқұжат; формуляр; құрамдас бөліктерінің каталогы; монтаж, жіберу, реттеу, сыннан өткізу бойынша нұсқаулық; пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша нұсқаулық.

65. Жылжымалы темір жол құрамын және құрамдас бөліктерін жобалау кезінде мыналарды қамтамасыз ететін шаралар көзделуі тиіс:

доңғалақтың рельстен шығып кетпеу орнықтылығы;

аударылудан орнықтылығы;

тұрақ орнынан өздігінен жүріп кетпеу;

поездардағы вагондар мен локомотивтердің берік тіркелуі;

есептік тежеуіш жолдардан аспауы;

жолға шектік рұқсат етілген әсер ету күштерінен аспауы;

жолға темір жол құрамының құрамдас бөліктерінің құламауы;

тартылыс пен тежеуіштің шектік рұқсат етілген күштерінің аспауы;

электр құралдарының сигнал беру және байланыс құрылғыларымен электр-магниттік сыйымдылығы;

статикалық есептік жүктемелерді түсіру кезіндегі беріктілік;

бойлық динамикалық есептік жүктемелерді түсіру кезіндегі пластикалық деформациялардың болмауы;

циклдық есептік жүктемелерді түсіру кезіндегі әлсіз қирауларға қарсылық білдіру;

электрмен жабдықтаудың номиналдық және шекаралық режимі кезінде электр жабдықтарының беріктілігі;

вагондарды механизация құралдарын қолданумен жүк вагондарына тиеу және түсіру қауіпсіздігі;

дөңестерден түскен кезде вагондардың сенімді ілінісі.

66. Жобалау кезінде темір жол жылжымалы құрамның қаупін бірдейлендіру және тәуекел деңгейлерін эксперименталды және есептеу жолымен, талдамалық әдістермен немесе жылжымалы құрамның және оның құрамдас бөліктерінің ұқсас үлгілерінің деректері бойынша бағалану қажет.

67. Рұқсат етілетін тәуекелдерді белгілеу кезінде жобалау ұйымы мыналарды ескеруі тиіс:

темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылым ерекшелігі;

қолданатын техникалық қондырғылардың беріктілігі;

темір жол көлігі инфрақұрылымының құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы;

сыртқы табиғи ықпалдар;

темір жолдардың пайдалану қасиеттері;

персоналдың дұрыс емес іс-қимылдары;

қоршаған ортаны ластаудың мүмкін болатын салдарының әсер етуі, құрылыс, консервация және жою кезінде табиғи топырақ қабатының өсімдіктік жамылғының бұзылуы;

авариялардың тәуекелдері.

### **4.3. Дайындау процесінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

68. Темір жол жылжымалы құрамы және құрамдас бөліктері оларды жасау мен пайдалану кезінде материалдар мен заттар адамдар мен қоршаған ортаға қауіпсіз болатындай етіп дайындалады.

Сұйықтықтарды қолдану қажет болған жағдайда темір жол жылжымалы құрамы және құрамдық бөліктері май құю, пайдалану, регенерация немесе сұйықтықтарды кетіру салдарынан болатын қауіпсіздіктерді болдырмайтындай етіп пайдалану үшін құрастырылуы және жасалуы тиіс пайдалануға және құрастырылуы тиіс.

69. Дайындау сатысында темір жол жылжымалы құрамы және оның құрамдас бөліктерінің конструкциясына өзгерістерді олардың темір жол құрамы иесімен келіскеннен кейін жобалаушы енгізеді.

70. Темір жол жылжымалы құрамы және оның құрамдас бөліктерінің тәжірибелік үлгілерін дайындағаннан кейін дайындаушы верифицирленген әдістеме бойынша белгіленген тәртіппен дайындаушының кәсіпорнын мынадай міндетті сынақтар еткізеді: қабылдау - тапсыру, алдын ала, қабылдау.

Сериялы шығарылған темір жол жылжымалы құрамы және оның құрамдық бөліктерінің осы Техникалық регламентте, конструкцияға, материалдарға, жинақтаушы бұйымдарға, сондай-ақ сенімділігі, үйлесімділігі, өзара алмасушылығы, бақылау әдісі және техникалық құжаттамаға қойылатын талаптар стандарттарында белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігін тексеру үшін дайындаушы кәсіпорнын верифицирленген әдістеме бойынша қабылдау-тапсыру, кезең-кезеңдік, үлгілік сынақтар жүргізеді.

71. Темір жол жылжымалы құрамы және оның құрамдық бөліктерінің конструкциясын немесе дайындау технологиясына қауіпсіздік талаптарын (жаңғырту) орындауға әсерін тигізетін өзгерістер енгізген жағдайда дайындаушы кәсіпорнын белгіленген сынақ жүйесін қайтадан жүргізеді.

72. Сынақтар кезінде қолданылатын өлшеу және бақылау құралдары тексерілуі тиіс, ал сынақ жабдықтары өлшеу бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтуі тиіс.

73. Дайындаушы пайдалану бойынша басшылықта қауіпсіз пайдалану үшін қажет үлгіні және тексеру жиілігін, тез тозатын бөлшектерді және оларды ауыстыру үшін өлшемдерді көрсетуге міндетті.

#### **4.4. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар**

74. Темір жол жылжымалы құрамының беріктілік, тұрақтылық және техникалық жай-күйі бойынша барлық элементтері ең жоғары жылдамдықтағы поездардың қауіпсіз және ырғақты қозғалысын қамтамасыз етуі тиіс.

75. Жылжымалы құрам және темір жол көлігі инфрақұрылымы мынадай қозғалыс жылдамдығымен тасымалдау процесінің қауіпсіздігін (темір жол көлігі қауіпсіздігі) қамтамасыз етуі тиіс:

жүк поездары - сағатына 120 км дейін,

жолаушы, пошта, багажды және жүрдек жүк поездары - сағатына 200 км дейін,

жүрдек жолаушы поездары қозғалыс кестесімен бекітілген поездардың қозғалыс массасына, ұзындығына және аралығына сағатына 200 км жоғары.

76. Темір жол көлігінің қауіпсіздігі бойынша рұқсат етілетін нақты учаскелеріндегі поездардың жүру жылдамдығын нақты жай-күйін негізге ала отырып темір жолдарды пайдаланушы белгілейді.

77. Темір жол жылжымалы құрамы және құрамдас бөліктері тағайындалған қызмет мерзімі және/немесе ресурс ағымында қауіпсіздікте болуы тиіс, оларды пайдалануда душар болатын күштер мен қауырттылықтарға шыдамды болуы тиіс.

78. Темір жол жылжымалы құрамын пайдалану кезінде жолаушылардың және қызмет көрсететін персоналды қорғау қамтамасыз етілуі тиіс.

79. Темір жол көлігін консервациялау және кәдеге жарату бойынша жұмыстар өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау бойынша шешімдерді қамтамасыз ететін жобалау құжаттамаларының негізінде жүзеге асырылады.

80. Темір жол жылжымалы құрамының және оның құрамдас бөліктерінің құрылысы, қолданылатын материалдары мен заттары темір жол жылжымалы құрамы қызметінің тағайындалған қызмет мерзімі өтуі бойынша олардың қауіпсіз кәдеге жаратуына немесе өңдеу мүмкіндігіне есептелуі тиіс.

## **5. Инфрақұрылым қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

81. Темір жол қызметінің қауіпсіздігі инфрақұрылымның құрылысының жақындату габариттерімен және темір жол жабдықтарының жақындату габариттерімен олардың арасындағы жол, жарықтандыру, электрмен қамтамасыз ету және техника құрылғыларының орналасу қажеттігін ескере отырып қамтамасыз етілуі тиіс.

82. Ағымдағы желілерде оларды қайта құрғанға дейін мынадай жер жабынының еніне рұқсат етіледі: бір жолды желілерде - 5,5 м, екі жолды - 9,6 м, тау және құрғақ топырақта кемінде: бір жолды желілерде - 5.0 м. екі жолды желілерде - 9,1 м.

Үстіңгі жер төсемінің ең аз ені жолдың әрбір жағынан 0,4 м болуы қажет. Қисық учаскелерде кемінде 2000 м радиусы бар жер жабыны белгіленген нормалар бойынша кеңейтіледі.

Су жайылатын жерлерде жер төсемінің жиегі қатты желдерде толқынның ең үлкен биіктігінен кемінде 0,5 м биік болуы қажет.

83. Жолдың тік және қисық учаскелерінде рельстердің ішкі араларындағы жол енінің номиналды мөлшерінің радиусы 350 м және одан астам болғанда - 1520 мм. Анағұрлым қисық жолдарда жолдың ені:

радиусы 349 м-ден 300 м дейін - 1530 мм;

радиусы 299 м және одан кем - 1535 мм.

Рельсті шпалды торы кешенді ауыстырылмаған тік және қисық учаскелерді радиусы 650 м астам жолдың енінің номиналды мөлшері 1524 мм болуға рұқсат етіледі. Мұнымен бірге анағұрлым қисық жолдың ені мынадай болуы тиіс:

радиусы 650-ден 450 м дейін - 1530 мм;

радиусы 449-дан 350 м дейін - 1535 мм;

радиусы 349 және одан кем - 1540 мм.

Алып тастауды талап етпейтін жол енінің номиналды мөлшерінен бастап ауытқу шамалары жолдың тік және қисық учаскелерінде тарылуы бойынша 4 мм аспауы, кеңеюі бойынша +8 мм, ал қозғалыс жылдамдығы сағатына 50 км және одан кем белгіленген учаскелерде - тартылуы бойынша 4 мм, кеңеюі бойынша +10 мм болуы қажет.

1512-ден кем емес және 1548 мм асатын жолдың еніне рұқсат етілмейді.

84. Жолдың қисық учаскелерінде рельс жолының басқа жолдан жоғарылауы қозғалыстың белгіленген жылдамдықтарында және қисық учаскелердегі радиусымен вагондардың рельс жолдарындағы орнықтылығын қамтамасыз етуі қажет.

85. Басты және станциялық жолдарды жобалау кезінде қуаттылығы мен жағдайы бойынша рельстерді және бағытты ауыстыруларды таңдау берілген жүк кернеулері, осьтік кернеулер, қозғалыс жылдамдығы барысында поездардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуі қажет.

86. Сигнал берудің шағын жүйесінде және электрмен жабдықтаудың құрылғы байланысы негізгі және қордағы қуат көздерінен сигнал беру, орталықтандыру, блоктау, өтпе жолды сигнал беру құрылғыларын қуатпен қамтамасыз етуі қажет.

Негізгі қуат көзінен қордағы қуат көзіне ауысу уақыты немесе керісінше 1,3 секундтан аспауы қажет.

Тұрақты тоқта электрлендірілген желілердің тартымды қосалқы станцияларында, сондай-ақ электрлі жылжымалы құрамда сигнал беру, орталықтандыру және блоктау қондырғыларын және байланыс жабдықтарының қалыпты іс-әрекетін бұзатын түйіспелі ток желісіне кіріп кетуден қорғауы болуы тиіс.

Байланыс желісі, әуе желілері және бағдаршамдар тетіктерінің, сондай-ақ сигнал белгілерінің өзара орналасуы машинистің жұмыс орнынан сигнал мен белгілердің көрінуін қамтамасыз етуі тиіс.

87. Кернеулі қатынас желісінің бөліктерінен 5м аз қашықтықта орналасқан, барлық металл конструкциялар, сондай-ақ байланыс желісінің және айнымалы токтың әуе желісінің электр-магниттік ықпал аймағында орналасқан және ұстауға қол жетімді барлық металл конструкциялар жерге қосылуы тиіс.

Электрленген жолдардың үстінде орналасқан темір жол өтпелері мен жаяу жүргіншілер көпірлерінде кернеулі байланыс желісінің бөліктерін қоршау үшін

адамдар өтетін жерлерде сақтандыру қалқандары және тұтас төсемелер орнатылуы тиіс.

Жұмыс істейтін электр қондырғыларда оларға бөгде адамдардың кіріп кетуін болдырмау үшін қоршау болуы тиіс.

Қол жетімді электрмен жабдықтау құрылғыларында ескерту жазулар болуы тиіс (белгілер, плакаттар).

Электрмен жабдықтау құрылғылары қысқа тұйықталу тогынан, артық жүктелуден және атмосфералық артық кернеуден және электр коррозиясынан қорғалуы тиіс.

Байланыс желісі ажыратқыштарының қолмен басқарылатын жетектері оларды заңсыз қосуға және ажыратуға бөгет болатын құрылғылармен жарақтануы тиіс.

Электрмен жабдықтау құрылғылары жер асты коммуникацияларына тартымдық токтардың өтуінің қауіпсіздік деңгейін төмендететін құралдарымен жабдықталуы тиіс.

88. Темір жол көлігі және жылжымалы құрам саласында техникалық реттеудің стационарлық объектілерінің пайдаланатын материалдарын таңдау жану жағдайында от пен түтіннің таралуы мен әсерін шектеуді, ал өрт жағдайында материалдар зиянды және қауіпті түтіндер, булар, газдардың шығарындыларын шектеуі тиіс.

89. Қызмет көрсететін қызметкерлер және жолаушылардың пайдалануы үшін арналған кез келген құрылғы жолаушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келтірмей осы құралдың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

90. Адамдар жиналған жерлерде қосалқы (авариялық) шығатын жерлер көзделуі және белгіленуі, авариялық жарықтандыру жүйелері көзделуі қажет.

91. Стационарлық объектілердің және жылжымалы құрамның кіру есіктерін ашу және жабу жүйесі жолаушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне кепілдік беруі тиіс.

## **6. Сәйкестікті растау**

92. Осы Техникалық регламент қосымшасына сәйкес темір жол көлігі мен оның құрамдас бөліктері сертификаттау жөніндегі аккредиттеу органның өтінім берушісінің өтінімі бойынша шарттық негізде жүзеге асырылатын міндетті сертификаттау нысанында сәйкестікті растауға жатады.

"Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен міндетті сертификаттау тәртібі (схемалары мен нысандары) мен жүргізуі белгіленген.

93. 1520 мм жолтабанда халықаралық қатынаста қатынауға арналған жылжымалы темір жол құрамы жекеленген халықаралық техникалық регламенттер мен келісімдер бойынша міндетті сертификаттау нысанында сәйкестігін растауға жатады.

94. Шетел мемлекеттерінің сәйкестік сертификаттары, өнімдерді сынау хаттамасы, сәйкестік белгілері халықаралық келісімге сәйкес танылады.

95. Тиісті техникалық регламенттерде анықталған тәуекел дәрежесі біршама аз болатын функционалдық қосалқы жүйелердің жеке құрамдас бөліктері сәйкестігін декларациялау түрінде сәйкестігін растауы тиіс.

96. Сәйкестікті декларациялауды жүзеге асыратын өтініш берушілерге мыналар енеді: әзірлеушілер, жеткізушілер, құрылыс және монтаждау ұйымдары, жөндеу кәсіпорындары, пайдаланушы ұйымдар, инфрақұрылым иелері.

## 7. Өтпелі ережелер

97. Осы Техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне қосымша

## Қауіпсіздік талаптары белгіленетін темір жол көлігінің тізбесі

СЭҚ ТН коды	Позициянын атауы	Қос. өлш . бір
1	2	3
8601	Электр қуатының сыртқы көзінен қоректенетін, немесе аккумуляторлық теміржол локомотивтері:	
8601 10 000 0	- электр қуатының сыртқы көзінен қоректенетін	дана
8601 20 000 0	электр аккумуляторларынан қоректенетін	дана
8602	Өзге де темір жол локомотивтері; локомотивтік тендерлер:	
8602 10	дизельді электр локомотивтері	дана

000 0		
8602 90 000 0	өзгелері	дана
8603	8604 тауар позициясына енгізілгендерден басқа, жолаушы, тауар немесе жол жүгін таситын моторлы темір жол немесе трамвай вагондары, ашық платформалар:	
8603 10 000	- электр қуатының сыртқы көзінен қоректенетін:	
8603 10 000 1	— - кем дегенде 250 км/сағ. пайдалану жылдамдықпен темір жол электрлі поездардың құрамында қозғалысқа арналған	дана
8603 10 000 9	— - өзгелері	дана
8603 90 000 0	- өзгелері	дана
8604 00 000 0	Өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін, темір жол немесе трамвай жолдары жөндеу немесе техникалық қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын техникалық құралдар (мысалы, шеберхана, вагондары, крандар, шпал ұрғыш машиналар, жол түзеткіш машиналар, бақылау - өлшегіш вагондары және жолдарды тексеруге арналған көлік құралдары)	дана
8605 00 000	Өздігінен жүрмейтін жолаушылардың темір жол немесе трамвай вагондары, өздігінен жүрмейтін (8604 тауар позициясына енгізілгендерден басқа) жол жүгін, почта таситын және өзге де арнайы темір жол немесе трамвай вагондары:	
8605 00 000 1	- барынша пайдалану жылдамдығы кемінде 250 км/сағ. темір жол электр поездары құрамында жүруге арналған -----	дана
8605 00 000 9	- өзгелері	дана
8606	Жүк таситын өздігінен жүретін темір жол немесе трамвай вагондары:	
8606 10 000 0	- барлық түрдегі цистерна вагондары	дана
8606 30 000 0	- 8606 10 қосалқы позициясына енгізілгендерден басқа, өздігінен түсіргіш вагондар	дана
	- өзгелері:	

8606 91	— - жабық және жабылатын:	
8606 91 100 0	- - - жоғары радиоактивті материалдарды арнайы тасуға арналған	дана
8606 91 800 0	- - - өзгелері:	дана
8606 92 000 0	- — ашық, 60 см асатын ашылмайтын бортты	дана
8606 99 000 0	- — өзгелері	дана
8607	Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөліктері:	
	- арбашықтар, қозғалғыш теңгеру арбашықтар, осьтар және доңғалақтар, және олардың бөлшектері:	
8607 11 000 0	- — бастайтын арбашықтар және қозғалғыш теңгеру арбашықтар	-
8607 12 000 0	— - өзге де арбашықтар, қозғалғыш теңгеру арбашықтар	-
8607 19	- — бөліктерді коса алғанда, өзгелері:	
	- - - жиналған немесе бөлшектелінген түрде, доңғалақтар және оның бөлшектері:	
8607 19 010	----- шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған:	
8607 19 010 1	----- қолданыста болған	-
8607 19 010 9	----- өзгелері	-
8607 19 110	----- штампталған болат:	
8607 19		

110 1	----- колданыста болған	-
8607 19 110 9	----- өзгелері	-
8607 19 180	----- өзгелері	-
8607 19 180 1	----- колданыста болған	-
8607 19 180 9	----- өзгелері	-
	--- арбалардың, жүретін теңгергіш арбалардың және ұқсас арбалардың бөлшектері:	
8607 19 910 0	----- шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған	-
8607 19 990 0	----- өзгелері	-
	- тежегіш жабдықтар және олардың бөлшектері:	
8607 21	— - пневматикалы тежегіштер және оның бөлшектері:	
8607 21 100 0	--- шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған	-
8607 21 900 0	--- өзгелері	-
8607 29	-- өзгелері:	
8607 29 100 0	--- шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған	-
8607 29 900 0	--- өзгелері:	-
8607 30	- ілмек және басқа тіркес жабдықтары, буферлер және олардың бөлшектері:	

8607 30 010 0	- — шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған	-
8607 30 990 0	-- өзгелері	-
	- өзгелері:	
8607 91	- — локомотивтер:	
8607 91 100 0	--- букстер және олардың бөлшектері	-
	--- өзгелері:	
8607 91 910 0	---- шойыннан тұтас құйылған немесе болаттан тұтас құйылған	-
8607 91 990 0	---- өзгелері	-
8607 99	- — өзгелері:	
8607 99 100 0	--- осьтік буксы және олардың бөлшектері	-
8607 99 300 0	--- шанақтар және олардың бөлшектері	-
8607 99 500 0	--- шассилер және олардың бөлшектері	-
8607 99 900 0	--- өзгелері:	-
8609 00	арнайы арналған және көліктің бір немесе бірнеше түрлерімен тасымалдауға жабдықталған (сұйықтықтарды немесе газдарды тасымалдау үшін ыдыстарды қосқанда), контейнерлер:	
8609 00 100 0	- радиоактивті заттарды тасымалдауға арналған қорғасын жабындысы бар радиацияға қарсы контейнер	дана

8609 00 900	- өзгелері:	
8609 00 900 1	- ішкі көлемі 42 текше метрден 43 текше метрге дейін контейнерлер	дана
8609 00 900 9	- — өзгелері:	дана
7302	Темір жол немесе трамвай жолдары үшін қолданылатын қара металдан жасалған бұйымдары: рельстер, қосалқы рельстер және тісті рельстер, бұрма рельстері, қатаң кесіп өту айқаспалары, аударма штангалар және басқа көлденең біріктірулер, шпалдар, түйіспе жапсырмалар мен төсемдер, сыналар, тірегiш тақталар, ілмек рельс болттары, жастықтар және тартпалар, тұғырлар, көлденең жақтаулар және рельстерді біріктіру немесе бекітуге арналған басқа бөлшектер:	
7302 10	- рельстер:	
7302 10 100 0	— - түсті металдан бөлшектері бар токжүргізгіштер	-
	- — өзгелері:	
	- - - жаңалары:	
	- - - - кең ұлтандық рельстер:	
7302 10 210 0	- - - - - кума метрдің массасы 46 кг немесе одан астам	-
7302 10 230 0	- - - - - кума метрдің массасы 27 кг немесе одан астам, бірақ 46 кг кем емес	-
7302 10 290 0	- - - - - кума метрдің массасы 27 кг-нан кем	-
7302 10 400 0	- - - - - науасы бар рельстер	-
7302 10 500 0	- - - - өзгелері	-
7302 10 900 0	- - - пайдаланылған	-

7302 30 000 0	- ауыстырылатын рельстер, қатаң қиылысу айқастырмалар, ауыстырылатын штангалар және өзге де көлденең қосылғыштар	-
7302 40 000 0	- түйіспе жапсырмалар және тірек төсемдер	-
7302 90 000 0	- өзгелері	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК